

"Ембі, Сағыз, Темір өзендері мен олардың салаларының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қазандағы № 309 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 486 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 ақпанда № 4742 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қазандағы № 309 "Ембі, Сағыз, Темір өзендері мен олардың салаларының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3348 тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2010 жылғы 23 қарашада жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қаулының кіріспе бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39-бабына, 116-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев